

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова
Academician E. A. Buketov Karaganda University

**Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің «Ғылымға
алғашқы қадам» атты бірінші НеКонференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ
10 сәуір 2024 жыл**



**МАТЕРИАЛЫ
Первой НеКонференции студентов физико-технического факультета «Первые шаги к
науке» посвященной дню науки, 10 апреля 2024 год**

Организатор и редакционная коллегия
Сериков Т.М.

Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің бірінші «Ғылымға алғашқы қадам» атты НеКонференциясы материалдары.– Қарағанды, 2024.–106 б.

Жинақта Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде өткізген, Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің «Ғылымға алғашқы қадам» атты бірінші НеКонференция қатысушыларының баяндамаларының материалдары жарияланады.

Конференция является частью учебного процесса по дисциплине «Основы научных исследований» и проводится для ознакомления обучающихся с формой проведения конференции!!!

6. kineu.edu.kz

Саттыбай А.С., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті,ФО-22-1к тобы,студент

Әсілбек А.Н., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті,ФО-22-1к тобы,студент

Рахадыл Ә.А., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті,ФиИ-22-1к тобы,студент

Нарбева А.И., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті,ФЕ-22-2к тобы,студент

(Ғылыми жетекші- доктор PhD, қауымдастырылған профессор Сериков Т.М.)


ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ УАҚЫТ ӨТКІЗУ СТАТИСТИКАСЫ

Аннотация: Жастардың әлеуметтік желіні пайдалану мақсаттары мен желіде өткізу уақыттарын зерттеуі және анализдік статистикасы.Ең көп және аз қаралым алатын әлеуметтік желілерді талдауы.Желінің пайдасы мен жағымсыз тұстарын айқындау.

Кілт сөздер:әлеуметтік желілер, уақыт, қызығушылық, пайдасы және зияны.

Әлеуметтік желіні «әлеуметтік медиа» деп те атайды. Бұл – адамдардың бір-бірімен ғаламтор арқылы өзара байланысын қамтамасыз ететін интернет сайт(тар). Жалпыға ортақ сөзбен айтар болсақ, әлеуметтік желі дегеніміз бұл – адамдар мен олардың бір-бірімен қарым-қатынасы.Қазіргі заманауи қоғамда әлеуметтік желінің функциясы-адамдардың өз-өзін дамыту және түрлі ақпараттармен алмасуға жол ашу. Datareportal.com деректеріне сәйкес, өткен жылдың үшінші тоқсанында әлемде әлеуметтік желілерді пайдаланушылар саны 4,74 млрд-қа жеткен. Жылдық өсім – 4,2%, деп жазады. Бұл Жер шарындағы тұрғындардың 59,3%-ы әлеуметтік желілерді қолданады дегенді білдіреді. Оның ішінде 13 жастан асқан адамдардың үлесі 75,9%-ды құрайды. Сонымен қатар Интернетке кіруге мүмкіндігі бар адамдардың 93,4%-ы әлеуметтік желілерді пайдаланады. Әлеуметтік желі қолданушыларының басым бөлігі (54%) ер адамдар,аләйелдердіңүлесі–46%.

Желі қолданушылар




Сарапшылардың мәліметінше, 2022 жылдың үшінші тоқсанында 16 мен 64 жас аралығындағы интернет қолданушы әлеуметтік желілерде күніне орта есеппен 2 сағат 28 минут өткізген. Бұл бір жыл бұрынғыға қарағанда 1 минутқа артық. Әлемдегі ең танымал әлеуметтік желі – Facebook (2,9 млрд қолданушы). Көшбасшылардың бестігінде Youtube (2,5 млрд адам), WhatsApp (2 млрд адам), Instagram (1,4 млрд қолданушы) және WeChat (1,3 млрд қолданушы) бар. Сұранысқа ие әлеуметтік желілер қатарына TikTok, Facebook Messenger, Telegram, қытайлық Douyin, Kuaishou, Sina Weibo және т.б. енді. Белсенді қолданушылар ең үздік әлеуметтік желі деп WhatsApp-ты (16,1%) таңдады. Екінші орынға Facebook (14,6%) орналасса, үштікті Instagram (14,5%) қорытындылады.

Егер желі пайдаланушыларының әлеуметтік желілерде өткізетін уақытын қарайтын болсақ, мұнда YouTube көшбасшы атанды (айына орта есеппен 23,4 сағат). Пайдаланушылар TikTok-та айына орта есеппен 22,9 сағат, Facebook – 19,7 сағат, WhatsApp – 17,3 сағат, Instagram – 11,7 сағат, Twitter – 5,5 сағат, Telegram – 4 сағат, өткізеді.



Қоғамдағы әлеуметтік желінің кең ауқымда орын алуына қарай Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттеріне әлеуметтік желіде қанша уақыт өткізуі және қандай мақсатпен қолданатыны зерттелді. Зерттеудің мақсаты: Желі қолданушыларына әлеуметтік желі қаншалықты әсер ететінін, пайдасы мен зияны жайлы мәліметтер алу және оларды талдау.



Мәліметтер алу үшін студенттерге онлайн сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 70 студент қатысып, өз пікірлерін жазды.

Сауалнамаға қойылған сұрақтар:

- 1) Қандай әлеуметтік желілерде көп отырсыз?
- 2) Әлеуметтік желілерден не қарайсыз?
- 3) Әлеуметтік желіде отырып қандай пайда көрдіңіз?
- 4) Әлеуметтік желілердің сізді қызықтырған заты неде?
- 5) Күніне әлеуметтік желіге қанша уақытыңыз кетеді?
- 6) Әлеуметтік желінің пайдасы көбірек пе, әлде зияны ма?
- 7) Көп жағдайда әлеуметтік желілерде қандай мақсатпен отырсыз?(сабақ, жұмыс немесе т.б)
- 8) Ең аз отыратын әлеуметтік желі?


Студенттер ең көп отыратын әлеуметтік желі: Instagram (33,3%), TikTok (41,6%), WhatsApp (25,1%).

Ең аз қаралым алатын әлеуметтік желі: Facebook (42,8%) , Twitter (38,5%), Вконтакте (18,5%).

Сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі әлеуметтік желіде әртүрлі контенттер қарайды:

1. Білімді дамыту контенттері
2. Қоғамдық видеороликтер мен жаңалықтар
3. Әртүрлі жанрлы кинолар
4. Сұхбаттар мен подкасттар

Желі қолданушылардың көбісі 5 сағаттан жоғары өз уақыттарын жұмсайды. Ең көп жұмсалатын уақыт 10 сағат.




Студенттердің желіде уақыт өткізуінің сандық көрсеткіші

Зерттеуде туындаған басты сұрақ: Не себепті немесе қандай мақсатпен желі қолданушылары 5 сағаттан көп уақыт жұмсайды? Көп жағдайда сауалнамаға қатысушылардың жауабы жұмыс барысы, сабақ, өз қызығушылықтарын жетілдіру және бос уақытты өткізу үшін екені көрсетілген. Бірақ басым көпшілігі, яғни 50%-ға жуығы бос уақыт өткізуге жұмсайды. Барлық дүние халықтары үшін бұл маңызды мәселе. Себебі, желі қолданушылары осының салдарынан күнделікті өмірде желі қолданушылары әртүрлі психикалық және физикалық әлсіздіктерге ұшырайды. Осыған мәселеге қатысты кең

ауқымды тақырып,яғни әлеуметтік желілердің маңызы мен зияны деген тақырып туындайды.

Ғаламтор мен әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны туралы сұрақта студенттердің пікірі 2-ге бөлінді.Студенттер жауабы бойынша «Әлеуметтік желінің пайдасы-53,3%,зияны-43 %,бейтарапты пікірде болған студенттер- 3,7%» деген пайыздық көрсеткіштерді құрады.



Әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны – жиі талқыланатын тақырып. Әр адам оны әртүрлі түсінеді және әр адамның көзқарасы әртүрлі. Алдымен әлеуметтік желінің не екенін түсіне білу керек. Бұл кез-келген адам белгілі бір мазмұнды жариялай алатын сайт түрі. Сондай-ақ, олар ақпарат алмасу, қарым-қатынас жасау, байланыс орнату, бизнес жүргізу және тағы да басқаларына арналған.. Ең танымал әлеуметтік желілерге мыналар жатады: Instagram, Facebook, ВКонтакте , TikTok, WhatsApp. Бұлардың барлығы да мыңдаған шақырым қашықтықта болсаңыз да, басқа адамдармен кез келген қашықтықта онлайн сөйлесудің жақсы тәсілі. Әлеуметтік желілердің арқасында жаңа, қызықты адамдармен танысуға болады. Сонымен қатар көптеген қызықты және танымдық ақпаратты таба аласыз, өзіңізді қызықтыратын кез-келген сұраққа жауап ала аласыз, кез-келген жанрдағы қызықты фильмдерді, сериалдарды, барлық ыңғайлы жағдайда, тіпті үйден шықпай-ақ көре аласыз, түрлі шет тілдерін үйрене аласыз, жаңа нәрсені үйрене аласыз, өз қолыңызбен бірдеңе жасай аласыз, мұнда сізге көмектесетін әртүрлі интернет сабақтарын таба аласыз. Сонымен, әлеуметтік желінің жағымды жақтарын сараптап қарайтын болсақ, мынадай жақсы тұстары бар:

1. Іздеу жылдамдығы. Әлеуметтік желілерде сіз өзіңіз іздеген қажетті ақпаратты, музыканы, адамды, т.б. еш қиындықсыз таба аласыз. Әлеуметтік желіге тіркеле отырып, әрбір пайдаланушы өзінің аты-жөнін, сондай-ақ өзі туралы басқа да деректерді: жасын, оқу орнын, байланыс телефондарын хабарлайды. Бұл кез-келген адамды, ол туралы қажет ақпаратты, кез-келген мәліметті бірнеше секунд ішінде табуға мүмкіндік береді.

2. Байланыс пен ақпарат алмасудың қарапайымдылығы. Біз SMS және MMS хабарламалар арқылы ақпарат алмаса аламыз. Бірақ бұл үшін ақша төлеу қажет. Ал хабарламаны әлеуметтік желіге жіберу әлдеқайда ыңғайлы. Әлеуметтік желідегі аккаунты бар адам достары туралы барлық нәрселерден хабардар болады, олардың фотосуреттерін көре алады, жаңалықтарды біледі немесе жай ғана сөйлесе алады. Яғни, желілер арқылы бүгінде байланыс жасау әлдеқайда жеңіл және ыңғайлы.

3. Қызығушылық ортасын құру. Адам немен айналысқысы келсе, әлеуметтік желіде сол туралы ақпаратты, өзінің пікірлестерін таба алады. Әлеуметтік желі арқылы

белгілі бір сатып алулар жасауға, бірдеңе айырбастауға және тіпті жұмыс табуға болатын қызықты қауымдастықтар мен топтар бар.

Бірақ, таяқтың екі ұшы болатыны секілді, әлеуметтік желілердің кемшіліктері де бар. Мысалы, компьютердің немесе телефонның алдында ұзақ уақыт отыру көру қабілетін нашарлатуы мүмкін. Сондықтан уақытылы демалу керек, көзге жаттығулар жасау керек. Сонымен қатар, әлеуметтік желі арқылы байланыс жасаған адамдар бір-бірімен бетпе-бет қарым-қатынастан алшақтай бастайды. Кейде интернет жаман, жағымсыз нәрселерді үйретеді немесе адамның психикасына кері әсер етуі мүмкін.

Енді әлеуметтік желінің жағымсыз жақтарын саралайтын болсақ:

1. Көп уақыт жұмсау. Әлеуметтік желілер – уақыт «өлтіру», яғни жай ғана босқа кеткен уақыт. Өйткені, бұл уақытты әлдеқайда пайдалы өткізуге болады, мысалы: достармен кездесу, дәмді кешкі ас дайындау немесе өзін-өзі дамыту, тәрбиелеу.

2. Әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын жоғалту. Нақты қарым-қатынасты өзгерту әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын жоғалтуға әкеледі. Яғни адамдармен көзбе-көз, бетпе-бет отырып әңгімелесу, шынайы достық, шынайы бейне жоғала бастайды. Әлеуметтік желі арқылы әңгімелесу, қарым-қатынас жасау шынайы бомлауы мүмкін.

3. Тәуелділіктің пайда болу ықтималдығы. Әлеуметтік желілер үлкен тәуелділік тудырады, яғни тәуелділіктің айтарлықтай қаупі бар. Интернетке қол жетімділіктің болмауы, әлеуметтік желінің жұмыс жасамауы кей адамдарда нағыз психикалық бұзылуды тудыруы мүмкін, әсіресе жасөспірімдер бұндайға аса сезімтал.

Қорыта айтар болсақ, ғаламтор желісі мен әлеуметтік желілер ХХІ ғасырдағы адамдардың ең үлкен жетістігі болып табылады. Бірақ біздің зерттеуіміз, алған сауалнамаларымыз бойынша ғаламтор желісіне жастардың тәуелділігін байқалды. Ғаламтор желісінің пайдасы да, зияны да бар. Алайда, әлеуметтік желіні дұрыс жағынан немесе бұрыс жағынан қолдану әрбір адамның өзіне байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://datareportal.com/> -Әлеуметтік желі қолданушыларының ғаламдық статистикасы

2. <https://ranking.kz/> -Әлеуметтік желілердің танымалдылық статистикасы

Турысбеков А.М., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФО-22-1к тобы, студент

Жұмаділлә Ж.Е., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФиИ-22-1к тобы, студент

Орынбасар А.Т., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФиИ-22-1к тобы, студент

(Ғылыми жетекші-доктор PhD, қауымдастырылған профессор Сериков Т.М)

ҚАЗАҚ КОНТЕНТИ-ҚОҒАМ АЙНАСЫ

Кіріспе

Мақсаты: қазақ тілінің дамытудың заманауи жақтарын анықтау және Қазақ тілінің кең ауқымды қолданысқа ие болуына үлес қосу.

Міндеттер

1. Қазақ тіліндегі контенттердің көбеюіне үлес қосу.
2. Ана тіліне деген қызығушылықтың дамуына ықпал ету.
3. Студенттердің назарын қазақ әдеби тілінің мәселелеріне аударту.

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

Оразбай Е.К., Пазылхан Р.Б., Асылбеков Н.Д., Зекен Р. Кибералаяқтар.....	6
Аметова Д.Б., Иманов Д.Е., Алтаева А.Б., Сағидулла А.Б. Суицид среди студентов в Республике Казахстан.....	11
Бекенова.Г.К., Жалғасбаева.Ж.С., Серікжан А., Сапарова А.Б. Студенттердің жатақхана мен пәтер арасындағы таңдауы.....	17
Иманмұса Н., Әбдісерік М., Насұрлла Д., Жарова Ж. «Серпін» бағдарламасымен білім алушы студенттердің адаптация проблемалары.....	22
Саттыбай А.С., Әсілбек А.Н., Рахадыл Ә.А., Нарбева А.И., Жастардың әлеуметтік желіде уақыт өткізу статистикасы.....	26
Турысбеков А.М., Жұмаділлә Ж.Е., Орынбасар А.Т. Қазақ контенті-қоғам айнасы.....	30
Махметов М.Н, Маматова Д.Г., Женисбай А.Е., Байысова А.Б. Отношение студентов к проблеме окружающей среды.....	44
Апендина А.Қ., Нурболат Ж., Еркінбай А.Н., Орынбасар Н.Н., Қарағанды қаласының артықшылықтары мен кемшіліктері.....	49
Алшатова А.Н., Балташ Қ.Б., Турмаханова Б.К., Уалханова Ш.М. Қазақстан қалаларындағы адамдардың негізгі болмысы.....	54
Сардарова А.Ж., Файзуллаева Ж.Қ., Әскер Б.А., Амангелді А.Ж. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттері таңдаған мамандығы бойынша мәселелері.....	58
Акылбекова Н.Ж., Мейрханова Т.Қ., Аюев Е.Ж., Әбдіхалық Н.Т. Физика және нанотехнология кафедрасы студенттерінің жалғыздық деңгейі.....	64
Ергеш Б.Б, Аманкелді А.С. Қайыржан А.Қ, Илесбай Л.Қ, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттер үйінде туындаған мәселелер.....	70
Сатымжан Д.Р., Назарбаева Д.Н., Кошкинбай А.А., Ербол.А. Қазіргі студенттердің ұялы телефондарына сараптама. Ұялы телефонға студенттердің қатынасы.....	75
Қалаби Н.Б., Батырша Ф., Нуркина А.Б., Студент және жұмыс.....	79
Шмидт А., Қалдыбаева С.Ж., Зделеу Д.Е., Кумисбекова А.Т. Педагогикалық мамандыққа түсуге әсер ететін факторлар.....	81
Төлеубай Д.Ә., Ерлік Ә.Е., Сакенова Ж.К., Наурызбай А.Б. "Физика-техникалық" және "Математика және ақпараттық технологиялар" факультеттерінде студенттердің бакалавр бітіргеннен кейінгі жоспарлары.....	86
Абдиразакова Ж.К., Қазытай Ж.А., Рамазанова М.Х., Төлеутаева М.Е, Физика-техникалық факультетінің студенттерінің бір айлық орташа шығыны.....	92
Смағұл Т.Е., Ғанижан М., Мәжит Н.Н., Динахан Д. Студенттердің бос уақытын қалай тиімді өткізетінін анықтау.....	98
Итенов Д., Алмасқызы С., Бек Б. Қазіргі жастардың театр өнеріне деген көзқарасы және қызығушылығының деңгейі.....	104